Жуғыш құралдарды бөлгіш
Ағарту
Кір бұйымдарды дайындау
Абайлап жууды талап ететін бұйымдар
Кір бұйымдарды теңестіру жүйесі

Ақаулықтарды жою, 27

Қызмет көрсету, 28


! Бұл нұсқаулықты сақтаңыз. Ол кір жуғыш машинаны сатып алған, берген немесе жаңа пәтерге көшкен жағдайларда жабдықпен бірге болуы қажет, яғни жаңа иесі оның жұмыс істеу және оған қызмет көрсету ережелерімен таныса алатын болуы керек.

! Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: онда кір жуғыш машинаны орнату мен пайдалану қауіпсіздігі туралы маңызды мәліметтер берілген.

Орамасынан шығару және тегістеу

1. Кір жуғыш машинаны қаптамасынан алыңыз.

2. Тасымалдау барысында кір жуғыш машина зақымдалмағанын тексеріңіз. Ол зақымдалған болса, сатушыға хабарласыңыз және орнату үдерісін тоқтатыңыз.



3. Құрылғының артқы жағында орналасқан 4 қорғаныш бұрандасын (тасымалдау кезінде қолданылады) және тиісті төсемі бар резеңке тығырықты алып тастаңыз (суретті қараңыз).

4. Тесіктерді бірге берілген пластикалық тығындармен жабыңыз.


5. Барлық бөлшектерді сақтап қойыңыз: кір жуғыш машинаны басқа жерге тасымалданатын болса, олар керек болады.

! Балалардың орама материалдармен ойнауына рұқсат етпеңіз.

! Ораушы және жеке оның элементтері азықпен байланысу үшін арналмаған.

Тегістеу

1. Кір жуғыш машинаны қабырғаға, жиһазға, шкафқа немесе басқа кез келген затқа сүйемей, тегіс әрі қалыпты еденге орнатыңыз.




2. Еден түзу болмаса, алдыңғы аяқтарды қатайту немесе босату арқылы құрылғыны түзулеңіз (суретті қараңыз); құрылғының үстіңгі жағымен салыстырып өлшенген еңкею бұрышы 2°-тан аспауы керек.


Құрылғы дұрыс түзулеу оған тұрақтылық береді, дірілдеу мен шамадан тыс шуылдың болмауына көмектеседі және жұмыс істеген кезде қозғалуына жол бермейді. Құрылғы кілемге немесе кілемшеге қойылса, аяқтарын оның астында вентиляция үшін жеткілікті орын болатындай реттеу керек.

Су құбырына және электр желісіне қосу

Су құйғыш шлангіге қосу тәртібі



1. Су жеткізу түтігін суық су шүмегіне 3/4 газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз (суретті қараңыз). Жалғамас бұрын су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз.



2. Кіріс түтігін кір жуғыш машинаның артқы жағының жоғарғы оң жағында орналасқан тиісті су кірісіне бұрап жалғаңыз (суретті қараңыз).

3. Шлангінің қатты бұралмағанына және қысылып қалмағанына көз жеткізіңіз.


! Су қысымы Техникалық сипаттамалар кестесінде көрсетілген мәндер шегінде болу керек. Техникалық мәліметтер (жанындағы бетті қара).

! Егер су құбыры шлангінің ұзындығы жеткіліксіз болса, Авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


! Бұрын қолданыста болған шлангілерді ешқашан пайдаланбаңыз.

! Машинаға қоса берілген шлангілерді пайдаланыңыз

Су ағызғыш шлангіні қосу



Су ағызғыш шлангі қатты бүкпей су ағызғыш құбырға немесе қабырғадағы еденнен 65-100 см биіктікте орналасқан ағызу тесігіне қосыңыз, немесе,



шүмекке бекітілетін бағыттаушының көмегімен ваннаның немесе раковинаның жиегіне бекітіңіз (сызбаны қара.). Шлангінің бос ұшы суға салынбауы керек.

! Су ағызғыш шлангі үшін ұзартқыштарды пайдаланбаған жөн, қажет болған жағдайда, оны сондай диаметрлі және ұзындығы 150 см-ден артық емес шлангімен ұзартуға рұқсат етіледі.

Электр желісіне қосу

Бұйымды электр желісінің розеткасына қосар алдында төмендегілерді тексеріп алу керек:

- екі полюсті розетканың жерге қосушы байланысы нормативтерге сәйкес жерге қосылған;
- электр желісінің розеткасы кір жуғыш машинаның Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген максималды қуатына есептелуі керек (шетіндегі кестені қара.);
- желі тогының кернеуі Техникалық мәліметтер кестесінде көрсетілген машина деректеріне сәйкес келеді (шетіндегі кестені қара.);
- кір жуғыш машинаның электрлік розеткасы мен ашасы бір типті болуы керек, керісінше жағдайда розетканы ауыстыру керек.

! Кір жуғыш машинаны далада, тіпті жабынның астына да орнатуға тыйым салынады, себебі оны жауын мен найзағай ықпалына ұшырату қауіпті.

! Кір жуғыш машина электр желісінің розеткасына қол жететіндей етіп орналастырылуы керек.

! Ұзартқыштарды, үштіктерді пайдалануға болмайды.


! Желі кабелі майысып немесе қысылып тұрмауы керек.

! Желі кабелін өкілетті сервис орталықтарында ғана ауыстырылуы қажет

Назар аударыңыз! Жоғарыда баяндалған ережелерді бұзған жағдайда фирма ешқандай жауапкершілік жүктемейді.


Кір жуудың бірінші циклі

Машинаны орнатып болғаннан кейін, оны пайдаланар алдында кір жуғыш ұнтақ қосып, бірақ кір бұйымдар салмай, кір жуудың бірінші циклін 1-программамен жүргізу керек.


Техникалық сипаттамалары	
Моделі	AWM 1297
Көлемі	ені 59,5 см биіктігі 81,5 см тереңдігі 54,5 см
Толтыру	1 - 7 кг
Электрлік параметрлері	машинадағы электрлік параметрлері көрсетілген паспорттық табличканы қараңыз
Гидравликалық параметрлері	тах қысым 1 Мпа (10 бар) тіп қысым 0,05 Мпа (0,5 бар) барабанның көлемі 52 л
Сығу жылдамдығы	1200 мин/айн дейін
EN 60456 нормативіне сәйкес бакылау программалары	программа 6; температура 60°C; 7 кг дейін толтырған кезде.
 	Машина Еуропалық Экономикалық қауымдастықтың мынадай Директиваларына сәйкес келеді: - 2004/108 /ЕС (электромагниттік үйлесімділік) - 2006/95/CE (төмен кернеулі) - 2012/19/EU - WEEE

Орнатушыға арналған нұсқаулар

Ағаш панельді есікке орнату және құрылғыны шкафтарға кіргізу:
 Құрылғы ағаш панелі орнатылып, түпкі орнату үшін жөнелтілетін болса, оны түпнұсқалы қаптамасында қалдырған жөн. Ағаш панельді құрылғыға орнатқан кезде, қаптамасын толығымен алмауға болатын етіліп істелген (төмендегі суреттерді қараңыз).
 Құрылғының алдын жабатын ағаш панельдің қалыңдығы кем дегенде 18 мм болуы тиіс және оны оң немесе сол жаққа ілуге болады. Құрылғыны пайдаланған кезде ыңғайлы болуы үшін, панельді құрылғының есігі ілінген жаққа ілген дұрыс, яғни сол жаққа.



Есік орнату үшін қолданылатын керек-жарақтар (1-2-3-4-5 суреттері).



1-сурет

2-сурет



3-сурет



4-сурет



5-сурет



4/B суреті

- №6 А түріндегі өзі қиятын бұрамалар, l = 13 мм.
- №2 В түріндегі метрлік, батырылған бұрамалар, l = 25; магнит тақтайшаны шкафқа бекітуге арналған.
- №4 С түріндегі метрлік бұрамалар, l = 15 мм; ілмек тіректерін шкафқа бекітуге арналған.
- №4 D түріндегі метрлік бұрамалар, l = 7 мм; ілмектерді тіректерге бекітуге арналған.

Бөліктерді құрылғының алдыңғы жағына орнату.

- Ілмек тіректерін құрылғының алдыңғы панеліне кигізіңіз. Ол үшін 1-суретте көрсеткімен белгіленген тесікті алдыңғы панельдің ішкі жағына келтіріңіз. Беттер арасына (4/B суреті) С түріндегі бұрамалар көмегімен аралық қабат орнатыңыз.
- Тақтайша мен бет арасына В түріндегі бұрамалармен екі аралық қабат (4/B суреті) орнатып, қарама-қарсы жоғарғы жаққа магнит тақтайшасын бекітіңіз.

Тесу үлгісін пайдалану

- Панельдің сол жағындағы тесіктердің орнын табу үшін, шеткі жақтардағы сызықтарға қарап, тесу үлгісін панельдің жоғарғы сол жағына дәлдеңіз.

- Панельдің оң жағындағы тесіктердің орнын табу үшін, тесу үлгісін панельдің жоғарғы оң жағына дәлдеңіз.

- Екі ілмекке, резеңке тығынға және магнитке арналған тесіктерді тесу үшін, өлшемі тиісті фреза қолданыңыз.

Бөліктердің ағаш панельге (есікке) орнату.

- Ілмектерді тесіктерге кіргізіп (ілмектің қозғалатын бөлігі панельден шығып тұруы керек), **A** түріндегі 4 бұрамамен бекітіңіз.

- Магнитті ілмектердің қарама-қарсы жағындағы жоғарғы тесікке кіргізіп, **B** түріндегі екі бұрамамен бекітіңіз.

- Резеңке тығынды төменгі тесікке кіргізіңіз. Енді панельді құрылғыға орнатуға болады.

Панельді құрылғыға орнату.

Ілмектің шығыңқы жерін (2-суретте көрсеткімен белгіленген) ілмекке арналған тесікке кіргізіп, панельді құрылғының алдыңғы жағына итеріңіз. Екі ілмекті **D** түріндегі бұрамалармен бекітіңіз.

Ернеулік бағыттауышын бекіту.

Құрылғы модульді шкафтар жинағының шетіне орнатылатын болса, астыңғы молдинг бағыттауыштарының біреуін немесе екеуін орнатыңыз (8-суретте көрсетілгендей). Олардың тереңдігін астыңғы молдингтің орнына сәйкес реттеп, қажет болса, молдингті бағыттауыштарға бекітіңіз (9-сурет). Ернеулік бағыттауышы былай орнатылады (8-сурет):

P бұрышын **R** бұрамасымен бекітіп, **Q** ернеулік бағыттауышын арнайы саңылауға кіргізіңіз де, қажетті орынға келгеннен кейін оны **P** бұрышы мен **R** бұрамасының көмегімен бекітіңіз.


Құрылғыны шкафқа кіргізу.

- Құрылғыны шкафтарға дәлдеп, саңылауға кіргізіңіз (6-сурет).


- Құрылғыны тиісті биіктікке көтеру үшін, аяқтарын реттеңіз.

- Ағаш панельді тігінен және көлденеңінен реттеу үшін, 7-суретте көрсетілгендей **C** және **D** бұрамаларын қолданыңыз.


Маңызды: құрылғының төменгі бөлігін жауып, ернеулік еденге тиетініне көз жеткізіңіз.




6-сурет



7-сурет




8-сурет



9-сурет

Биіктікті реттеу үшін берілген керек-жарақтар.



10-сурет

Полистирол қақпақтың ішінде мыналар болады (10-сурет): 2 арқалық (**G**), 1 пластина (**M**) құрылғының барабанында мыналар болады: 4 қосымша аяқ (**H**), 4 бұрама (**I**), 4 бұрама (**R**), 4 сомын (**L**), 2 ернеулік бағыттауышы (**Q**)


Құрылғының биіктігін реттеу.

Құрылғының биіктігін (815 мм-ден 835 мм-ге дейін), 4 аяқты бұрап реттеуге болады.


Құрылғыны жоғарыдағы биіктіктен жоғары орналастыру қажет болса, оны 870 мм-ге дейін көтеру үшін келесі керек-жарақтар қажет болады: екі арқалық (**G**); 4 аяқ (**H**); 4 бұрама (**I**); 4 сомын (**L**), одан кейін мына әрекеттерді орындаңыз (11-сурет): бастапқы 4 аяқты алып тастап, құрылғының алдыңғы жағына **G** арқалығын қойып, оны **I** бұрамаларымен бекітіңіз де (бастапқы аяқтардың орнына бекіту арқылы), жаңа **H** аяқтарын салыңыз. Құрылғының артқы жағында дәл осы әрекеттерді қайталаңыз.

Енді **H** аяқтарын реттеп, құрылғыны 835 мм-ден 870 мм-ге дейін көтеруге не төмендетуге болады. Қажетті биіктікке орнатылғаннан кейін, **L** сомындарын **G** арқалығына бекітіп тастаңыз. Құрылғының биіктігін 870 мм мен 900 мм аралығына реттеу үшін **M** пластинасын орнатып, **H** аяқтарын қажетті биіктікке реттеу керек. Пластина былай салыңыз:

құрылғының жоғарғы қақпағының алдыңғы жағында орналасқан үш **N** бұрамасын босатып, **M** пластинасын 12-суретте көрсетілгендей салыңыз да, **N** бұрамаларын бекітіңіз.



11-сурет



12-сурет

Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету

KZ


Су мен токты өшіру

- Әрбір жуу циклынан кейін су шүмегін жауып отырыңыз. Бұл кір жуғыш-кептіргіш машинаның ішіндегі гидравликалық жүйенің тозуын шектейді және су ағып кетудің алдын алуға көмектеседі.
- Кір жуғыш-кептіргіш машинаны тазалаған кезде және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде оны токтан ажыратыңыз.

Кір жуғыш-кептіргіш машинаны тазалау

Құрылғының сыртқы жақтары мен резеңкеден жасалған құрамдас бөліктерін жылы сабынды сумен суланған жұмсақ шүберекпен тазалауға болады. Еріткіштерді немесе абразивті заттарды қолданбаңыз.

Жуғыш зат тартпасын тазалау



Диспенсерді көтеріп, тарту арқылы шығарып алыңыз (суретті қараңыз). Оны су ағыны астында жуыңыз; бұл әрекетті жиі қайталап тұру керек.

Құрылғының есігі мен барабанына күтім көрсету


- Жағымсыз иістер пайда болмауы үшін есікті әрқашан сәл ашып қою керек.

Сорғыны тазалау

Кір жуғыш-кептіргіш машина ешбір техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін, өзін-өзі тазалайтын сорғымен жабдықталған. Кейде кіші заттар (тиындар немесе түймелер сияқты) сорғының төменгі жағындағы, оны қорғайтын алдыңғы камераға түсіп кетуі мүмкін.

! Жуу циклы аяқталғанына көз жеткізіңіз де, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.

Алдыңғы камераға қол жеткізу үшін:



1. қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұру арқылы бұрап шығарып алыңыз (суретті қараңыз): кішкене су ағып кетуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай;

2. ішін жақсылап тазалаңыз;
3. қақпақты орнына бұраңыз;

Судың кіріс түтігін тексеру

Кіріс түтігін кем дегенде жылына бір рет тексеріңіз. Шатынаған болса, оны дереу ауыстыру керек: жуу циклдарының барысында су қысымы өте жоғары болады және шатынаған түтік жарылып кетуі әбден мүмкін.

! Бұрын қолданылған түтіктерді пайдаланушы болмаңыз.

! Кір жуғыш машина қауіпсіздіктің халықаралық нормаларына сәйкес жобаланып, жасалған. Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін жасалған мына сақтандырулармен мұқият танысып шығыңыз.

Қауіпсіздікке қойылатын жалпы талаптар

- Машинаны пайдаланып болғаннан кейін оны міндетті түрде тоқ желісінен өшіріп, су құбыры шүмегін жабыңыз.
- Дозволяється використання цієї сушильної машини з боку осіб (включаючи дітей віком від 8 років і старше) з обмеженими фізичними, сенсорними або розумовими здібностями, а також з боку осіб без необхідного досвіду і навичок, якщо вони перебувають під наглядом або отримують інструкції щодо експлуатації приладу від особи, відповідальної за їх безпеку.
- Кір жуғыш машинаны осы нұсқаулықта берілген нұсқауларды сақтайтын үлкендер ғана пайдалануы керек.
- Бұйымға ылғал қолдармен, жалаң аяқ немесе ылғал киіммен жанаспаңыз.
- Ашаны розеткадан шығару үшін қоректендіруші кабельді тартпаңыз: ашадан ұстаңыз.
- Машина жұмыс істеп тұрғанда жуғыш құралдарды бөлгішті ашпаңыз.
- Ағызатын суға тимеңіз, оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Машина тоқтағаннан кейін оның есігі үш минуттан кейін ашылады. Бұл уақыт аралығында есіккің ашуға тырыспаңыз (сондай-ақ аспап жұмыс істеп тұрғанда!): бұл тосқауыл механизмін зақымдауы мүмкін.
- Қандай жағдайда да ақау пайда болғанда оны жөндеуге әрекет жасап, машинаның ішкі бөлігіне тиіспеңіз.
- Балалардың жұмыс істеп тұрған кір жуғыш машинаға жақындамауын қадағалаңыз.
- Кір жуу кезінде кір жуғыш машинаның есігі қызып кетуі мүмкін.
- Егер кір жуғыш машинаның орнын ауыстыру керек болса, оны екі-үш адам болып, барынша абайлап жасау керек. Ешқашан да машинаны жалғыз өзіңіз көтермеңіз – аспап өте ауыр.
- Кір жуғыш машинаға кір бұйымдарды салар алдында барабанның бос екеніне көз жеткізіп алыңыз.
- Кір жуғыш машина физикалық, сезімталдық немесе ақыл-ой қабілеті төмен (балаларды қоса алғанда) немесе өмірлік тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдардың пайдалануына арналмаған, егер олар бақылауда болмаса немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адам аспапты пайдалану туралы нұсқаулық бермесе. Балалар кір жуғыш машинамен ойнамас үшін, қадағалауда болулары керек.

Утильдеу

- Қаптама материалды утильдеу: қаптама материалдарды қайта пайдалану мақсатында жергілікті нормативтерді сақтаңыз.

- Электрондық және электрлік аспаптарды утильдеуге қатысты Еуропалық 2012/19/EU - WEEE Директивасына сәйкес, электр аспаптары әдеттегі қалалық қалдықпен бірге тасталмауы керек. Қатардан шыққан аспаптар олар жасалған материалдарды оңтайландыру, қайта пайдалану және рекуперациялау үшін, сондай-ақ қоршаған орта мен денсаулық қауіпсіздігі үшін бөлек жиналуы қажет. Барлық аспаптарда көрсетілетін ортасынан сызылған қалдық жәшігі символы оларды жеке утильдеу керектігін еске салу болып табылады. Тұрмыстық электр аспаптарын дұрыс утильдеу туралы толық ақпарат алу үшін пайдаланушылар арнайы мемлекеттік ұйымға немесе дүкенге жүгіне алады.


Сақтау және тасымалдау шарттары

- Буып түйілген кір жуғыш машина табиғи түрде желдетілетін, ылғалдығы 80 %-дан аспайтын жабық жайда сақталуы тиіс. Кір жуғыш машина ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса және жылытылатын жайда сақталса, ішіндегі суды толығымен ағызу керек. Тасымалдамас бұрын кір жуғыш машинаның барабанына зақым келмеуі үшін, тасымалдау бұрандаларын машинадағы төлкелерге бекіту керек. Кір жуғыш машина бір орынға мықтап бекітіліп, кез келген жабық көлікпен тік қалыпта (жұмыс істеген кездегі қалпы) тасымалдануы тиіс. Тиеген және түсірген кезде кір жуғыш машинаға механикалық соққы тигізуге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Кір жуғыш машинаның және програм-маларды іске қосу тәртібінің сипаттамасы

Басқару тақтасы

ЖУУ ЦИКЛЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ/КЕШІКТІРУ ТАЙМЕРІ индикатор шамдары



Жуғыш зат тартпасы: жуғыш заттар мен жуғыш қосындыларды енгізу үшін пайдаланылады («Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз).

ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі: кір жуғыш-кептіргіш машинаны қосады және өшіреді.

ЖУУ ЦИКЛЫ тұтқасы: жуу циклдарын бағдарламалайды. Жуу циклы барысында тұтқа қозғалмайды.

Индикатор шамдары бар **ФУНКЦИЯ** түймелері: бар функцияларды таңдау үшін қолданылады. Тандалған функцияға сәйкес келетін индикатор шамы жанып тұрады.

ТЕМПЕРАТУРА тұтқасы: температураны немесе суық жуу циклын орнатады («Жекешелендіру» тарауын қараңыз).

СЫҒУ жылдамдықтары: сығу жылдамдығын таңдау немесе оны тоқтату үшін қызмет етеді («Жекешелендіру» тарауын қараңыз).

ЖУУ ЦИКЛЫНЫҢ ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ/КЕШІКТІРУ ТАЙМЕРІ индикатор шамдары: жуу циклының орындалуын бақылау үшін қолданылады. Жанған индикатор шамы қай кезең орындалып жатқанын білдіреді. «Кешіктіру таймері» функциясы орнатылған болса, жуу циклының басталуына қалған уақыт көрсетіледі (келесі бетті қараңыз).

ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы: есікті ашуға болатынын не болмайтынын білдіреді (келесі бетті қараңыз).

Индикатор шамы бар **БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ** түймесі: жуу циклдарын бастайды немесе уақытша тоқтатып қояды.

Ескертпе: Орындалып жатқан жуу циклын тоқтатып қою үшін осы түймені басыңыз; тиісті индикатор шамы қызғылт сары түспен жыпылықтайды, ал ағымдағы жуу циклының кезеңіне сәйкес келетін индикатор шамы қалыпты түрде жанып тұрады. Егер **ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ** индикатор шамы өшсе, есікті ашуға болады (3 минуттай күтесіз). Жуу циклын тоқтатылған жерінен бастау үшін осы түймені тағы бір рет басыңыз.

Күту режимі

Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. **ҚОСУ-ӨШІРУ** түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.

Индикатор шамдары

Индикатор шамдары маңызды ақпаратты береді. Олар мына жағдайларды білдіруі мүмкін:

Кешіктіріп бастау

КЕШІКТІРУ ТАЙМЕРІ функциясы қосылған болса («Жекешелендіру» тарауын қараңыз), жуу циклы басталғаннан кейін таңдалған кешіктіру мерзіміне сәйкес келетін индикатор шамы жыпылықтай бастайды:




Уақыт өте, қалған кешіктіру уақыты көрсетіледі және тиісті индикатор шамы жыпылықтайды:



Орнатылған кешіктіру уақыты өткеннен кейін, жыпылықтаған индикатор шамы сөнеді де, таңдалған жуу циклы басталады.

Жуу циклы кезеңінің индикатор шамдары

Қажетті жуу циклы таңдалып, басталғаннан кейін, индикатор шамдары бірінен кейін бірі жанып, циклдың қай кезеңі орындалып жатқанын білдіреді.



Функция түймелері және оларға сәйкес келетін индикатор шамдары

Функция таңдалған кезде, оған сәйкес келетін индикатор шамы жанады.

Таңдалған функция бағдарламаланған жуу циклымен үйлесімді болмаса, тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және функция қосылмайды.

Бұрын таңдалған функциямен үйлесімді емес функция таңдалса, тек ең соңғы таңдау белсенді болады.

❗ О Есік құлыптаулы индикатор шамы

Бұл индикатор шамы жанса, демек кездейсоқ ашылуға жол бермеу үшін құрылғы есігі құлыпталған; кез келген зақымды болдырмау үшін, құрылғы есігін ашпас бұрын индикатор шамының сөнуін күтіңіз (3 минуттай күтесіз).

Ескертпе: КЕШІКТІРУ ТАЙМЕРІ функциясы іске қосылған болса, есікті ашу мүмкін болмайды; оны ашу керек болса, БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басы арқылы құрылғыны тоқтатып қойыңыз.

❗ БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамы (қызғылт сары) функцияның индикатор шамымен бірге жылдам жыпылықтап тұрса, демек ақаулық орын алған («Ақаулықтарды жою» тарауын қараңыз).

Жуу циклын бастау

1. ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасын басып, кір жуғыш машинаны қосыңыз. Барлық индикаторлар бірнеше секундқа қосылып, қайта өшеді, ал ҚОСУ / ПАУЗА индикаторы өшіп-жана бастайды.

2. Кір бұйымдарды салып, машинаның есігін жабыңыз.

3. ПРОГРАММАЛАРДЫ таңдау тұтқасының көмегімен қажетті программаны таңдаңыз.

4. Кір жуу температурасын таңдаңыз (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»).

5. Сығу жылдамдығын беріңіз (қара.: «Персонализацияланған бейімдеулер»).

6. Бөлгішке жуғыш құралды және қоспаларды (қара.: «Кір жуғыш заттар және кір бұйымдардың типтері»).

7. Қажетті қосымша функцияларды қосыңыз.

8. ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басып, программаны іске қосыңыз, сәйкес индикатор жасыл түспен жанады.

Іске қосуды тоқтату үшін ҚОСУ / ПАУЗА батырмасын басып, жаңа циклді таңдаңыз.

9. Программа аяқталғаннан кейін END индикаторы жанады. ЛЮКТИ ТОСҚАУЫЛҒА ҚОЮ индикаторы өшкеннен кейін люкті ашуға болады (3 минуттай күтесіз). Бұйымдарды шығарып, барабанды кептіру үшін люктің қақпағын жартылай ашық қалдырыңыз. ҚОСУ / ӨШІРУ батырмасын басып, кір жуғыш машинаны өшіріңіз.

Жуу циклдары

Жуу циклдарының кестесі

Программалар	Программалардың сипаттамасы	Макс темп. (°C)	Макс. жылд. (айн/мин)	Кір жуғыш құралдар			Макс. жүктеу (кг)	Циклдің ұзақтығы
				Ағартқыш	Жуу	Шайғыш		
1	МАҚТА: қатты ластанған ақ заттар мен тезімді түрлі түсті кірлер.	60°	1200	●	●	●	7	140'
2	МАҚТА: қатты ластанған ақ заттар мен нәзік түрлі түсті кірлер.	40°	1200	●	●	●	7	90'
3	СИНЕТЕТИКА: қатты кірлеген мықты боялған түрлі-түсті бұйым.	60°	800	-	●	●	3	115'
4	МИКС 30': қатты кірлемеген киімді тез сергіту үшін (жүн, жібек маталарға және қолмен жууға арналмаған).	30°	800	-	●	●	3	30'
5	МИКС 15': қатты кірлемеген киімді тез сергіту үшін (жүн, жібек маталарға және қолмен жууға арналмаған).	30°	800	-	●	●	1,5	15'
6	АНТИБАКТЕРИЯ циклі: қатты кірлеген ақ киім.	90°	1200	●	●	●	7	190'
6	АНТИБАКТЕРИЯ циклі (1): қатты кірлеген ақ және мықты боялған түрлі-түсті киім.	60°	1200	-	●	●	7	180'
6	АНТИБАКТЕРИЯ циклі (2): қатты кірлемеген ақ және нәзік түрлі-түсті бұйым.	40°	1200	-	●	●	7	170'
7	ТҮНГ ЦИКЛ: қатты кірлемеген биязы түрлі-түсті киім.	40°	800	-	●	●	4	290'
8	БАЛАЛАР КИІМІ: қатты кірлеген биязы түрлі-түсті киім.	40°	1000	-	●	●	4	145'
9	ЖЕЙДЕЛЕР	40°	600	-	●	●	2	80'
10	ЖІБЕК / ПЕРДЕЛЕР: жібек, вискозадан жасалған бұйымдар және іш киім үшін	30°	0	-	●	●	1	55'
11	ЖҮН: жүн, кашемир және т.б. үшін	40°	800	-	●	●	1,5	70'
A	Шаю	-	1200	-	-	●	7	36'
B	Нәзік Шаю	-	800	-	-	●	3	31'
C	Сығу	-	1200	-	-	-	7	16'
D	Нәзік сығу	-	800	-	-	-	3	12'
E	Сығусыз суын ағызу	-	0	-	-	-	7	2'

Дисплейде немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Нақты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің теңестірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

Барлық тестілеу институттары үшін:

- 1) EN 60456 Директивасына сәйкес басқару программалары: 60°C температурамен 6-программаны қосыңыз.
- 2) M/m бұйымдарына арналған ұзақ программа: 40°C температурамен 6-программаны қосыңыз.

МИКС 30' (4-программа): қатты кірлемеген бұйымдарды тез жууға арналған, цикл бар-жоғы 30 минутқа созылады, бұл уақыт пен электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл программамен (4, 30°C) әр түрлі матадан тігілген бұйымдарды максималды 3 кг жүктей отырып, бірге жууға болады (мұнда жүн мен жібектен тігілген бұйымдар кірмейді).

МИКС 15' (5-программа): қатты кірлемеген бұйымдарды тез жууға арналған, цикл бар-жоғы 15 минутқа созылады, бұл уақыт пен электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл программамен (5, 30°C) әр түрлі матадан тігілген бұйымдарды максималды 1,5 кг жүктей отырып, бірге жууға болады (мұнда жүн мен жібектен тігілген бұйымдар кірмейді).

АНТИБАКТЕРИЯ ЦИКЛІ (6-программа): 60°C-тан жоғары температурада ағартқышты пайдалануды қарастыратын жоғары температуралы дезинфекциялаушы программа. Ағарту үшін ағартқышты, жуғыш құралды және қоспаларды сәйкес ұяшықтарға құйыңыз (қара.: «Жуғыш құралдарды бөлгіш»).

ТҮНГ ЦИКЛ (7-программа): бұл электр қуатын үнемдей отырып, түнде қосуға болатын шусыз цикл. Бұл программа синтетикалық және м/м заттарды жууға арналған. Цикл аяқталғаннан кейін машина барабандағы суымен тоқтайды; ағызу және сығу үшін ҚОСУ/ПАУЗА батырмасын басыңыз, керісінше жағдайда 8 сағат өткеннен кейін машина автоматты түрде суды ағызып, сығады.

БАЛАЛАР КИІМІ (8-программа): программа балалар киіміне тән кірді кетіреді, сезімтал бала терісі аллергияға ұшырамас үшін жуғыш құралдың матадан мұқият кетірілетініне кепілдік береді. Бұл цикл мол су көлемін пайдалануға орай бактерияларды кетіруге арналған, жуғыш құралдағы арнайы дезинфекциялаушы қоспалардың ықпалын оңтайландырады. Кір жууды аяқтағаннан кейін машина киім мыжылмау үшін барабанды баяу айналдырады. Циклді тоқтату үшін ҚОСУ/ПАУЗА батырмасын басыңыз.

Температураны орнату


Жуу температурасын орнату үшін ТЕМПЕРАТУРА тұтқасын бұрыңыз (Жуу циклдарының кестесін қараңыз). Температураны азайтуға немесе тіпті суық жууды орнатуға болады (❄).

Кір жуғыш-кептіргіш машина әрбір жуу циклы үшін орнатылған ең көп мәннен жоғары температураны таңдауға автоматты түрде кедергі жасайды.

Сығу жылдамдығын таңдау

Таңдалып алынған программаның сығу жылдамдығын таңдау СЫҒУ жылдамдығын реттегіштің көмегімен жүргізіледі. Әр түрлі программалар үшін сығудың әр түрлі максималды жылдамдығы қарастырылған.

Программалар	Сығудың максималды жылдамдығы
Мақта	минутына 1200 айналым
Синтетикалық маталар	минутына 800 айналым
Жүн	минутына 800 айналым
Жібек	Сығусыз

Сығу жылдамдығы төмендетілуі мүмкін немесе реттегішті  қалпына бұрағанда мүлде тоқтатылуы мүмкін. Машина әрбір программа үшін көзделген максималды жылдамдықтан артық жылдамдыққа автоматты түрде жібермейді.

Функциялар

Осы кір жуғыш-кептіргіш машинадағы әртүрлі жуу функциялары әрдайым қажетті нәтижелерге жетуге көмектеседі. Функцияларды іске қосу үшін:

1. Қажетті функцияға сәйкес келетін түймені басыңыз;
2. тиісті индикатор шамы жанғанда функция қосылады.

Ескертпе:

- Таңдалған функция бағдарламаланған жуу циклымен үйлесімді болмаса, тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және функция қосылмайды.
- Бұрын таңдалған функциямен үйлесімді емес функция таңдалса, тек ең соңғы таңдау белсенді болады.

Кешіктіру таймері

Бұл таймер жуу циклының басталу уақытын 12 сағатқа дейін кешіктіреді.

Қажетті кешіктіру уақытына сәйкес келетін индикатор шамы жанғанша түймені қайта-қайта басыңыз. Түйме бесінші рет басылғанда, функция өшіріледі.

Ескертпе: БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылғаннан кейін, кешіктіру уақытын өзгерту керек болса, оны тек азайтуға болады.

Жеңіл үтіктеу функциясы

Бұл функцияны таңдағанда матаның умаждалу дәрежесі төмендейді. Циул аяқталғанда машина барабанды баяу айналдырады. ЖЕҢІЛ ҮТІКТЕУ және ҚОСУ/ПАУЗА опцияларының индикаторлары жанып-өше бастайды (қызыл сары түс), «end» фазасының индикаторы тұрақты жанып тұрады. Циклді аяқтау үшін ҚОСУ/ПАУЗА батырмасын немесе ЖЕҢІЛ ҮТІКТЕУ батырмасын басыңыз. Жібек программасын таңдаған кезде машина циклді суды ағызусыз аяқтайды да, ЖЕҢІЛ ҮТІКТЕУ функциясының және ҚОСУ/ПАУЗА индикаторлары жанып-өше бастайды (қызыл сары түс), «Шаю» фазасының индикаторы тұрақты жанып тұрады. Суды ағызып, бұйымдарды шығару үшін ҚОСУ/ПАУЗА батырмасын немесе ЖЕҢІЛ ҮТІКТЕУ батырмасын басыңыз.

Қосымша шаю

Бұл функцияны таңдағанда шаю тиімділігі жоғарылайды, кір жуғыш құрал барынша кетіріледі. Бұл құрал кір жуғыш құралдарға сезімтал терілі адамдар үшін өте қолайлы.

Супер жуу

Циклдің басында судың мол көлемін пайдалануға және циклдің ұзақтығына орай оңтайлы жуумен қамтамасыз етеді.


Жуғыш заттар мен кірлер

KZ

Жуғыш құралдарды бөлгіш

Кірдің жақсы жуылуы жуғыш құралдарды дұрыс бөлінуіне де байланысты: оның шектен тыс көп болуы кірдің тиімді жуылуына кепілдік бермейді, керісінше, машинаның ішінде қақ тұрып қалуына, қоршаған ортаның ластануына әкелуі мүмкін.

! Қолмен жууға арналған жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз – қатты көбіктенуі кір жуу нәтижесін төмендетеді және машинаны қатардан шығаруы мүмкін. Бөлгішті тартып шығарып, оны жуғыш құралмен және қоспамен төмендегі тәртіппен толтырыңыз:



1-бөлімше: кір жууға арналған жуғыш құрал (ұнтақ немесе сұйық)

Кір жууға арналған сұйық құрал машинаны іске қосардың алдында құйылады.

2-бөлімше: Қосындылар (жұмсартқыштар, хош иістендіргіштер және басқа)

Шайғыштарға арналған 3-бөлімшені торшасынан жоғары толтырмаңыз.

Қосымша 3-бөлімше: Ағартқыш.

Ағарту

Ағарту тек **1, 2, 6** программаларымен ғана жүргізіледі. Ағартқышқа арналған қосымша **3**-науаға ағартқышты және шайғышты құйыңыз да, жоғарыда көрсетілген программалардың бірін таңдаңыз.

Өте қатты кірлеген м/м киімдер үшін ғана пайдалану ұсынылады.

Кір бұйымдарды дайындау

- Кір бұйымдарды төмендегі белгілері бойынша сұрыптаңыз:
 - мата типіне қарай / этикеткадағы белгілеулерге қарай.
 - түсіне қарай: түрлі-түсті бұйымдарды ақ бұйымдардан ажыратыңыз.
- Қалталарынан барлық заттарды шығарыңыз және түймелерінің мықтылығын тексеріңіз.
- «Жуу циклдарының кестесі» атты кестедегі мәндерден асырып жібермеңіз, онда кірлердің құрғақ кездегі салмағы берілген.

Бұйымдардың салмағы:

- 1 ақжайма 400 – 500 г
- 1 жастық тыс 150 – 200 г
- 1 дастархан 400 – 500 г
- 1 халат 900 – 1200 г
- 1 сүлгі 150 – 250 г


Абайлап жууды талап ететін бұйымдар

Жейделер: әр түрлі маталардан тігілген, әр түрлі түсті жейделерді жуу үшін арнайы **9** программаны пайдаланыңыз.

Бұл заттарды максималды түрде сақтайды және оларды қатты умаждамайды.

Жібек: Барлық жібек бұйымдарды жууға арналған **10**-программаны пайдаланыңыз. Нәзік маталарға арналған арнайы кір жуғыш заттарды пайдалану ұсынылады.

Перделер: орап, қосымша беріліп отырған қалтаға салыңыз. **10**-программаны таңдаңыз.

Жүн: тіпті жапсырмасында «тек қолмен жуу»  жазуы бар жүн киімдерін қоса, барлық жүн киімдерін **11**-бағдарламамен жууға болады. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін арнайы жуғыш затты қолданыңыз және 1,5 кг кір салмағынан аспаңыз.

Кір бұйымдарды теңестіру жүйесі

Кірді әрбір сығар алдында шектен тыс діріл болмас үшін машина барабандағы бұйымдарды бір қалыпты етіп бөледі. Бұл барабанның кір жуу жылдамдығынан шамалы артатын жылдамдықпен үздіксіз айналуы есебенен жүргізіледі.

Егер бірнеше рет әрекет еткеннен кейін кір бұйым бір қалыпты болып таралмаса, машина сығуды төмен жылдамдықпен жүргізеді.

Кір жуғыш-кептіргіш машина жұмыс істемей қалуы мүмкін. Техникалық көмек көрсету орталығына хабарласпас бұрын («Көмек» тарауын қараңыз), төмендегі тізімді қолдана отырып ақаулықты оңай шешу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіңіз.

Ақаулық:

Кір жуғыш-кептіргіш машина қосылмайды.

Жуу циклы басталмайды.

Кір жуғыш-кептіргіш машина су алмайды (жуу циклының бірінші кезеңінің индикатор шамы жылдам жыпылықтайды).

Кір жуғыш-кептіргіш машина сумен толып, оны ағызып тұра береді.

Кір жуғыш-кептіргіш машина суды ағызбайды не сықпайды.

Кір жуғыш-кептіргіш машина сығу циклы барысында көп дірілдейді.

Кір жуғыш-кептіргіш машинадан су ағады.

БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамы (қызғылт сары) және функцияның индикатор шамы жылдам жыпылықтайды.

Тым көп көбік болады.

Ықтимал себептері / шешімдері:

- Құрылғы розеткаға толығымен қосылмаған немесе түйіспейді.
- Үйде ток жоқ.
- Кір жуғыш-кептіргіш машина есігі дұрыс жабылмаған.
- ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі басылмаған.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылмаған.
- Су шүмегі ашылмаған.
- Кешіктіріп бастау орнатылған («Жекешелендіру» тарауын қараңыз).
- Судың кіріс түтігі шүмекке қосылмаған.
- Түтік майыстырылған.
- Су шүмегі ашылмаған.
- Үйде су жоқ.
- Қысым тым төмен.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылмаған.
- Ағызу түтігі еденнен 65-100 см биіктікте орналастырылмаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Түтіктің бос шеті су астында («Орнату» тарауын қараңыз).
- Қабырғадағы канализация жүйесі сапун құбырымен жабдықталмаған. Осы тексерулерден кейін де проблема шешілмесе, су шүмегін жауып, құрылғыны өшіріңіз де, Көмек беру қызметіне хабарласыңыз. Егер ғимараттың жоғарғы қабаттарының бірінде тұратын болсаңыз, суды ағызуға байланысты проблемалар болуы мүмкін, оның нәтижесінде кір жуғыш-кептіргіш машина сумен толып, оны ағызып тұра беруі мүмкін. Дүкендерде арнайы ағызуға қарсы клапандар бар, олар бұл проблеманы шешуге көмектеседі.
- Жуу циклында ағызу жоқ: кейбір жуу циклдары ағызу кезеңінің қолмен басталуын қажет етеді.
- ҚЫРТЫСТАРҒА ҚАРСЫ функция қосылған: Циклды аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басыңыз («Жекешелендіру»).
- Ағызу түтігі майысқан («Орнату» тарауын қараңыз).
- Ағызу түтігі бітелген.
- Орнату кезінде барабанның бұғаты дұрыс алынбаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Кір жуғыш-кептіргіш машина түзу емес («Орнату» тарауын қараңыз).
- Құрылғы шкафтар мен қабырғалар арасына қойылған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Судың кіріс түтігі дұрыс бұралып мықталмаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Жуғыш зат тартпасы бітелген (оны тазалау туралы нұсқауларды «Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету» тарауынан қараңыз).
- Ағызу түтігі дұрыс бекітілмеген («Орнату» тарауын қараңыз).
- Құрылғыны өшіріп, оны токтан ағытыңыз, одан кейін шамамен 1 минут күтіңіз де, оны қайтадан қосыңыз. Проблема шешілмесе, Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.
- Жуғыш зат кір жуғыш машинаға қолайлы емес (онда «кір жуғыш-кептіргіш машиналарға арналған», «қолмен жууға және кір жуғыш машинаға арналған» немесе осыған ұқсас жазу болуы керек).
- Тым көп жуғыш зат қолданылған.

Техникалық қолдау орталығына хабарласпас бұрын:

- Ақаулықты өзіңіз шеше алатыныңызды тексеріңіз («Ақаулықтарды жою» тарауын қараңыз);
- Ақаулық шешілгенін тексеру үшін бағдарламаны қайтадан бастаңыз;
- Олай болмаса, кепілдік куәлігінде берілген телефон нөмірі бойынша өкілетті Техникалық көмек беру орталығына хабарласыңыз.

! Тек уәкілетті мамандардан көмек сұраңыз.

Келесі мәліметтерді оңай жерде ұстаңыз:

- ақаулықтың түрі;
- құрылғының моделі (Мод.);
- сериялық нөмірі (С/Н).

Бұл ақпаратты кір жуғыш-кептіргіш машинаның артқы жағына бекітілген және есікті ашу арқылы құрылғының алдынан көруге болатын техникалық деректер тақтасынан табуға болады.